

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

www.election.gov.kz

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

ҚҰМАРЛЫҚ

ЭПИДЕМИЯСЫ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

БАЛА ТІЛІ

АНА ТІЛІНДЕ ШЫҚСА...

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



ҒАРЫШҚА ҰШҚАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ

Тұңғыш қазақ ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, авиация генерал-майоры Тоқтар Дүбәкіров 80 жасқа толды.

Тоқтар Дүбәкіров бала кезінен авиацияға қызығып, мектеп қабырғасында аэроклубқа қатысқан. Орта мектепті тәмамдаған соң, Армавир жоғары әскери авиация училищесіне оқуға түсіп, әскери ұшқыш мамандығын игерді. 1975 жылы сынақшы-ұшқыштар құрамына қабылданып, 1976 жылдан бастап Мәскеудегі А.Микоян атындағы тәжірибелік-конструкторлық бюрода қызмет етті. 1988 жылы Тоқтар Дүбәкіров Кеңес Одағы тарихында алғаш рет әуеде екі мәрте жанармай құйып, Солтүстік полюске дейін ұшу тапсырмасын сәтті орындады. Осы ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал 1989 жылы ол «МИГ-29К» палубалық жойғыш ұшағын авиакрейсерге қондырып, кейін сол кемеден қайтадан трамплин арқылы әуеге көтерілу операциясын әлемде алғаш болып жүзеге асырды. Авиация тарихындағы бұл бірегей жетістік оның есімін Гиннесстің рекордтар кітабына енгізді. 1991 жылғы 2 қазанда Тоқтар Дүбәкіров «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшып, қазақ халқының ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырды. Ол «Мир» орбита стансасында 7 тәулік 22 сағат 13 минут болып, ғылыми-зерттеу бағдарламасын табысты орындады.

Кешеден бастап елімізде Тоқтар Дүбәкіровтің 80 жылдығына арналған іс-шаралар басталды.

3-бет



ҚАЙДА ШОМЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Биылғы жаздың аптап ыстығы әлі де басылар емес. Дәл осындай кезеңде елорда тұрғындары қала маңындағы жағажайлар мен демалыс орындарына жиі шығатын болды. Ондағы жағдай қалай?

ЖАРТАСТЫ МЕШІТТЕР –
ЮНЕСКО ТІЗІМІНДЕ

Корея Республикасында өткен Дүниежүзілік мұралар комитетінің 48-сессиясында Маңғыстаудың жартасты мешіттеріне қатысты оң шешім қабылданды.

Сессия барысында Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата, Шақпақ ата және Сұлтан Үмі жартас мешіттері ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілді. Бұл туралы Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Ерлан Қарин өзінің Telegram арнасында хабарлады. Бұған дейін аталған тізімге 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2004 жылы Таңбалы петроглифтері қосылған еді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҚҰРЫЛТАЙ

ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

23 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ

ӨЗІҢІЗДІ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕН АЛДЫН АЛА ТЕКСЕРҢІЗ

Сайлау учаскеніңізді мекенжайыңа және сайлаушылар тізіміне енгеніңізді тексеруге болады:

TELEGRAM-BOT: @sailau_astana_bot

САЙТ: sailau.astana.kz

БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ 109

2026 ЖЫЛҒЫ 7 ТАМЫЗДАН БАСТАП учаскелік сайлау комиссияларындағы өз деректеріңізбен танысып, қажет болса есептен шығару куәлігін ала аласыз.

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

ЕСКЕРТКІШ ТАҚТАҒА ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЙДЫ

Қазақстан Президенті соғыс ардагерлеріне арналған Омбы госпиталі ғимаратының қасбетіндегі Кемел Тоқаевтың ескерткіш тақтасына гүл шоғын қойып, Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етті. Медицина мекемесінде 1941 жылғы шілдеден бастап соғыста жараланған 150 мыңға жуық жауынгер емделген. Олардың арасында Мемлекет басшысының әкесі Кемел Тоқаев та болды. Ол бұл жерде 1945 жылдың ақпанынан маусым айына дейін ем алған. Бұдан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев майдангерлерге арналған Омбы госпиталінің құрылу тарихымен және қызметімен танысты.

ҚАҚТЫҒЫСТЫ РЕТТЕУГЕ ҰСТАНЫМЫН ЖЕТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Кездесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты күн тәртібіндегі ауқымды мәселелерді талқылады. Мемлекет басшысы Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты реттеу мәселесіне қатысты өз ұстанымын жеткізді.

«Өзіңізге мәлім, мен әуел бастан мұның мемлекетаралық қақтығыс екенін айтқанмын. Бұл қандай да бір азаматтық соғыс емес. Біз украин халқына, оның мәдениеті мен тіліне әрдайым құрметпен қараймыз. Аталған қақтығыстың көпшілік үшін, соның ішінде біз үшін түсініксіз тұстары көп. Білуімше, сіз Аляскадағы Анкориджде өткен кездесуде дипломатиялық тұрғыдан барынша икемділік таныттыңыз. Осы орайда өз пікірімді білдіргім келеді. Өйткені маған да өтініштер айтылады. Меніңше, қақтығысты уақытша тоқтатып, 2.0. Ыстанбұл формуласына оралған дұрыс. Себебі аталған келіссөз барысында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілген еді. Содан кейін алпауыт елдердің, соның ішінде Ресейдің кепілдігі арқылы көптен күткен бейбітшілікке қадам басуға болады. Қазақстан бұл мәселеде сырт қалатын ел емес. Алайда қаншама мәрте ұсыныстар мен үндеулер айтылғанына қарамастан, мен бұл қақтығыста арағайын болудан үзілді-кесілді бас тартамын. Өйткені Ресей – ұлы ел, ал орыс халқы – ұлы халық. Күн тәртібіндегі барлық мәселені делдалсыз-ақ шеше алады. Осыған өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Себебі адамдар менің Омбыға жоспарлы сапарымнан, Сізбен кездесуімнен хабардар. Тығырықтан қалай шығу керек екенін ешкім білмейді. Қос тараптың өз ұстанымы бар. Әйтсе де, осы алауыздықты уақытша доғаруға болады. Бұл – сынақтан өткен халықаралық тәжірибе, амал. Өкінішке қарай, өрімдей жастар құрбан болып жатыр. Олар – бауырлас Ресей мен Украина халықтарының келешегі. Сондықтан мұның бәрін тоқтату керек. Өйткені, менің ойымша, қазіргі болып жатқан жағдай Ресей және Украина мемлекеттерінің дұшпандарына ғана тиімді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорыта келе, еліміз Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейіл екенін растады.

«Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасындағы ұстанымына келер болсақ, біз Ресейді әрдайым ұлы мемлекет деп санаймыз. Бұған еш күмәніңіз болмасын. Мен бұл туралы барлық халықаралық форумдарда айтып жүрмін. Біз қанша қиын болса да, Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейілміз. Бұл форум – соның айғағы» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ресей Президенті Омбыда Қасым-Жомарт Тоқаевпен



АЛАУЫЗДЫҚТЫ УАҚЫТША ДОҒАРУҒА БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Владимир Путиннің шақыруымен 25 шілде күні XXII Қазақстан – Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысу үшін Омбы қаласына сапармен барды. Сапар аясында мемлекеттер басшылары кездесті.

жүздескеніне қуанышты екенін жеткізіп, Өңіраралық форум екіжақты қарым-қатынастың дамуына елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

«Елдеріміздің ынтымақтас-

нына назар аударды. Биыл Ресей ҰҚШҰ-ға, ал Қазақстан ЕАЭО-ға төрағалық етеді. Сонымен қатар Владимир Путин Қазақстан мен Ресейдің тарихи тамырластығы туралы сөз қозғады.

алдымен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, соның ішінде әкесі Кемел Тоқаев туралы естеліктерді көздің қарашығындай сақтағаны үшін Ресей Президенті мен Омбы облысының басшылығына риза-



тығы табысты дамып келеді. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде стратегиялық сипатқа ие болды. Оны ұдайы өсіп келе жатқан тауар айналымының деңгейінен аңғаруға болады. Өткен жылы екіжақты сауда-саттық шамамен 28 миллиард долларды құрады, ал биылғы бес айда, біздің статистикалық мәліметімізге сәйкес, тағы да 4 пайыздан аса өсті. Бұл қарқынды динамика келешегіміз жарқын екенін көрсетеді. Сонымен қатар оған инвестиция да ықпал етеді. Өйткені инвестиция алдағы күнге жағдай жасап, көрсеткіштерді айқындайды. Бұл ретте де ауыз толтырып айтарлық жетістіктеріміз аз емес. Себебі Ресей кәсіпорындарының, ресейлік бизнесмендердің қатысуымен жалпы инвестиция көлемі 30 миллиард доллар болатын 70 жоба іске асырылып жатыр. Ресей – Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторы. Әріптестігіміз әртүрлі бағытта өрбip келеді. Мәселен, металлургия өнеркәсібі, машина жасау, энергетика, фармацевтика секілді басқа да салалар қамтылған» деді Владимир Путин.

Владимир Путин екі ел халықаралық аренада және өңірлік ұйымдар аясында белсенді қарым-қатынасты жолға қойға-

«Сіздің госпитальге арнайы барғаныңызды білемін. Омбы Сіз үшін Ресейдің қатардағы қаласы емес. Бұл жерде Сіздің әкеңіз 1945 жылы қыста ауыр жарақаттан кейін ем-дом алған. Біз Ұлы Отан соғысы мен халқымыздың нацизмді жеңуге қосқан үлесін әрдайым есте сақтаймыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сізбен жүздескенімізге қуаныштымыз» деді Ресей Президенті.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі нығайту, соның ішінде энергетика, көлік-логистика, ғарыш, ауыл шаруашылығы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасын егжей-тегжейлі талқылады.

ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТА БЕРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Владимир Путин Омбы қаласында өткен XXII Қазақстан – Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық сессиясына қатысты. Биылғы басқосу «Жаһандық логистика экожүйесін қалыптастыру: Ресей-Қазақстан ынтымақтастығының жаңа көкжиегі» тақырыбына арналды. Мемлекет басшысы, ең

шылығын білдірді. Майдангер Кемел Тоқаев Екінші Беларусь майданының құрамында жүріп, Польша жерінде алған ауыр жарақатынан кейін осы қалада емделген еді.

Мемлекет басшысы өңірлердің іс жүзіндегі ықпалдастығы екіжақты күн тәртібінің мазмұнын байытып, Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығының қарқынды дамуына тың серпін беріп отырғанын атап өтті.

«Бүгінгі таңда мемлекеттеріміздің қарым-қатынасы мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Ол – мемлекеттер басшыларының, үкімет жетекшілері мен жергілікті билік басшыларының, сондай-ақ екі ел парламенттерінің ортақ күш-жігерінің нәтижесі. Менің былтыр қараша айында Ресейге жасаған мемлекеттік сапарым мен Президент Владимир Путиннің биыл мамыр айындағы елімізге мемлекеттік сапары бұл тұрғыда тарихи мәнге ие. Қос сапардың қорытындысы бойынша қол қойылған Мемлекетаралық қарым-қатынасты жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне дейін жеткізу жөніндегі декларация, сондай-ақ Достық пен тату көршіліктің жеті негізі туралы бірлескен мәлімдеме елдеріміздің алдағы ондаған жылдардағы

жасампаз ынтымақтастығы мен өсіп-өркендеуіне берік негіз қалады. Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасы барлық бағытта нығайып келе жатыр деп толық сеніммен айтуға болады. Ресей – Қазақстанның ірі сауда серіктесі. Былтыр екіжақты тауар айналымы 28 миллиард долларға жуықтады. Ортақ күш-жігердің арқасында бұл көрсеткіш ұдайы өсіп келеді: биылғы бес айда өзара сауда-саттық көлемі былтырғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда шамамен 10 пайызға жуық артты» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы Ресей Қазақстанның басты инвестициялық серіктестерінің бірі ретінде соңғы 20 жылда еліміздің экономикасына 30 миллиард доллардан астам қаржы салғанына тоқталды.

«Бұл салада оң қарқын байқалады: биылғы бірінші тоқсанда Ресейден келген инвестицияның ағыны 45 пайызға ұлғайды. Яғни бес айдағы көлемі 773 миллион долларды құрады. Көпжылдық өзара тиімді ынтымақтастық нәтижесінде қазір Қазақстан экономикасының түрлі саласында ресейліктердің үлесі бар 20 мыңнан аса кәсіпорын табысты жұмыс істеуде. Сонымен қатар Ресейдегі қазақстандық бизнестің позициясы нығайып келеді. Ресей экономикасына құйылған қаржымыз 9 миллиард доллардан асты. Экономикалық күн тәртібінде өнеркәсіп саласындағы серіктестіктің алар орны ерекше. Елдеріміз 177 ірі жобадан тұратын тізім жасақтады. Инвестицияның жалпы көлемі 52 миллиард доллардан асады. Оның 122-сі іске асырылып, 30 мыңнан астам жұмыс орны ашылды» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, форум тақырыбы қазіргі халықаралық жағдай тұрғысынан ерекше өзекті. Оның пікірінше, әлемдегі ең ұзын әрі тұтас құрлық шекарасымен тұйысқан Қазақстан мен Ресейге Еуразиядағы көлік-логистика жүйесінің дамуында жетекші рөл атқаруды тағдырдың өзі бұйыртып отыр.

«Бұл – қазіргі өте күрделі геосаяси жағдайда елдеріміздің жаһандық бәсекедегі артықшылығын айқындайтын басты фактор. Өткен жылы елдеріміз арасындағы теміржол көлігімен жүк тасымалдау 3,5 пайызға артып, 92 миллион тоннаны

құрады. Сонымен қатар Қазақстан аумағы арқылы транзит тасымалы жандана түсті. Тек соңғы бес жылда Қытай – Ресей – Қытай бағыты бойынша Қазақстан территориясынан өткен контейнерлік тасымалдың көлемі сегіз есе артты» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Солтүстік – Оңтүстік дәлізін дамытуға айрықша мән беріліп отырғанына назар аударды. Былтыр бұл тараптағы жүк тасымалы едәуір өскен. Тағы бір маңызды бағыт – Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізі. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ақтөбе – Ұлғайсын жолындағы реконструкция дәліздің өткізу мүмкіндігін екі есе арттыруға мүмкіндік береді.

«Қолданыстағы цифрлық платформалар базасында «Қазақстан – Ресей» цифрлық көлік дәлізін пилоттық режимде іске қосуды ұсынамын. Себебі бұл – көлік нөпірі көп бағыттардың бірі. Екі елдің көлік-логистика жүйесін цифрлық тұрғыда тиімді интеграциялау және жаңа технологияларды кеңінен қолдану бізге өзара сауда-саттық көлемін ұлғайтып, көлік ағынын арттыруға және жан-жақты экономикалық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Биыл мамыр айында Владимир Владимирович Путиннің Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары аясында жүргізушісіз жүк көліктері алғаш рет екі ел екі ортасында қатынады. Мұны айтулы уақиға деуге болады. Осынау сәтті тәжірибе Қазақстан мен Ресейдің көлік саласындағы серіктестігі жаңа технологиялық деңгейге шыққанын көрсетті» деді Мемлекет басшысы.

ӨНІРЛЕР ДЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев елдеріміздің көлік-логистика байланысын нығайтудың шекара маңындағы аймақтар үшін маңызы зор деп санайды.

«Шекара маңындағы өңірлерде «500+» шартты атауымен әуе қатынасын дамытудың бірлескен бағдарламасын әзірлеу ұсынылады. Бастамаға сәйкес, Астана мен Ресейдің Қазақстанмен шекаралас әрі халық саны 500 мыңнан асатын қалалары арасында тікелей әуе рейстерін кезең-кезеңімен ашу көзделген. Бұл бағдарламаның іске асуы өз кезегінде екі елге де туристердің көптеп келуіне қолайлы жағдай жасайды. Бұдан бөлек, бірлескен трансшекаралық туристік бағыттар ашу да тиімді деп есептеймін. Ол үшін елдеріміздің туризм индустриясы өкілдерінің арасындағы ықпалдастықты жандандырған жөн. Айтпақшы, Қазақстанға демалуға және көрікті жерлерді тамашалауға келетін туристердің саны жағынан Ресей қазір бірінші орында тұр. Екінші орында – Қытай, үшінші – Үндістан, төртінші – Түркия. Туризмді қарқынды дамытуға мүмкіндігіміз жеткілікті. Атап айтқанда, еліміз географиялық тұрғыдан ұтымды орналасқан. Алудан түрлі табиғи ландшафт, бай әрі бірегей тарихи-мәдени мұрамыз да көпшілікті қызықтырады. Ең бастысы, Ресей туристері үшін Қазақстанда тіл және менталдық тұрғыдан ешқандай кедергі жоқ. Мәдениетіміз бен тарихымыз ортақ. Шекара маңындағы туризмді дамыту экономика қарқынын арттырып қана қоймайды. Бұл – арадағы сенімді нығайтып, тату көршілік қатынастардың біртұтас кеңістігін қалыптастыруға салынған инвестиция. Екіжақты байланысымыздың қаншалықты мықты екені осыдан көрінеді. Әрі бұл бірге өсіп-өркендеуімізге тың серпін береді» деді Президенті.

Өз кезегінде Ресей Президенті Ресей мен Қазақстан серіктестігін ілгерілетуге өңірлердің қосқан үлесін жоғары бағалады. Оның айтуынша, аймақ басшылары мен бизнестің үйлесімді әрекетінің нәтижесінде сауда-саттық жанданып, өзара инвестиция ағыны ұлғайып келеді.

ҒАРЫШ АҢЫЗЫ – СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНДЕ

Бас қаладағы Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында Халық қаһарманы, авиация генерал-майоры, Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің 80 жасына арналған салтанатты іс-шара өтті. Оған Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов қатысып, мерейтой иесін Мемлекет басшысының мерейтойлық хатымен құттықтады.



«Халқымыз өзіңізді әйгілі ғарышкер, көрнекті қоғам қайраткері, отансүйгіш азамат ретінде айрықша қадірлейді. Сіздің еңбек жолыңыз жарқын белестерден тұрады. Біраз жыл кәсіби ұшқыш болып, жаңа әскери ұшақтарды сынақтан өткізіп, ерен ерліктің үлгісін көрсете білдіңіз. Сіз зеңгір көкке көтерілген қазақтың тұңғыш ғарышкері атандыңыз. Еліміздің әлем алдындағы мәртебесін арттыруға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, ұлттық аэроғарыш, қорғаныс өнеркәсібі салаларын дамытуға қосқан үлесіңіз өте мол. Парламент Мәжілісінің депутаты болған кезіңізде терең біліміңіз бен өмірлік тәжірибеңізді отан-

дық заңнаманы жетілдіру ісіне арнадыңыз. Алдағы кезеңде еселі еңбегіңіздің жемісін көріп, ел-жұрттың сый-құрметіне бөлене беруіңізге тілектестігімді білдіремін. Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке тілеймін» делінген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатында. Сондай-ақ Премьер-министр 1 шілдеде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы күшіне енгенін атап өтті. Аталған құжат әділетті мемлекет құру тұжырымдамасын бекітіп, еліміздің одан әрі даму бағдарын айқындайды. «Бүгінде Президентіміздің «Әділетті Қазақстан» бастамасына

әрдайым қолдау білдіріп, жаңа Конституцияда айқындалған ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісіне де аянбай атсалысып жүрсіз. Өйткені отаншылдық, әділдік, заң мен тәртіп, ерлік пен еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттерді жастардың бойына сіңіруде Алаш жұртының адал перзенті, халқымыздың хас батыры ретінде Сіздің алатын орныңыз ерекше» деп атап өтті Олжас Бектенов. Салтанатты іс-шараға аэроғарыш саласының, Қарулы күштер мен Генералдар кеңесінің өкілдері, сондай-ақ отандық және шетелдік ғарышкер-ұшқыштар, сынақшы-ұшқыштар, инженерлер мен конструкторлар қатысты.

Қонақтар Тоқтар Әубәкіровтің өмір жолы, ұшқыштық және ғарышкерлік қызметіне арналған көрмені тамашалап, тұңғыш қазақ ғарышкерінің өнегелі ғұмыры туралы деректі фильмді көрді. Мерекелік кеш концерт бағдарламасымен жалғасты. Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығының шығармашылық ұжымы орындаған патриоттық және лирикалық әндер көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар эстрада-симфония оркестрі, орталық ансамбльдің солистері мен «Ақсауыт» би тобы өнер көрсетіп, мерейтойлық кештің сәнін келтірді.

Өзге жұмысқа ауысуына байланысты Есет Байкеннің орнына елорда әкімінің орынбасары болып Талғат Рахманберді тағайындалды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімімен бұл қызметке бекітілген ол Астана қаласы Байқоңыр ауданының әкімі қызметін атқарған.

АСТАНА ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Талғат Рахманберді еңбек жолын 2004 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы болып бастаған. «Астана қаласының студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтарының штабы» қоғамдық бірлестігін басқарды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы институтының (Астана қаласы) қылмыстық процесс заңдылығы мен жедел-іздістіру қызметін қадағалау бойынша біліктілікті арттыру басқармасында аға прокурор, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы және өзге де қызметтерді атқарған. 2016 жылдың сәуірінен 2019 жылдың наурызына де-

йін Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары болды. 2019 жылдың сәуір айынан бастап Астана қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылдың тамызынан 2023 жылдың қыркүйегіне дейін Астана қаласының Қоғамдық даму басқармасы мен Ішкі саясат басқармасын басқарды, сондай-ақ қала әкімінің кеңесшісі болды. 2023 жылғы 18 қазаннан бастап Байқоңыр ауданының әкімі қызметін атқарды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Талғат Рахманбердіге қаланы жүйелі дамытуға бағытталған бірқатар міндет жүктеді.

РЕНОВАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН САЛЫНДЫ

Елорданың Байқоңыр ауданында «Дармен-1» тұрғын үй кешенінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Аталған жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реновация бағдарламасы аясында тұрғын үй қорын жаңғыртуға жеке инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасын іске асыру нәтижесінде жүзеге асқан алғашқы нысан болды. Іс-шараға Байқоңыр ауданының әкімі, мемлекеттік органдардың өкілдері, құрылыс компаниясының басшылығы, жаңа тұрғын үй кешенінің тұрғындары, серіктестер мен қонақтар қатысты. Тұрғын үй кешенінің құрылысы 2025 жылдың қаңтарында басталып, 17 айдың ішінде толық аяқталды. «Тұрғын үй кешені 2 кіреберістен және 158 пәтерден тұрады. Бұл – ауданда реновация мемлекеттік бағдарламасы аясында жеке инвестиция есебінен салынған алғашқы

тұрғын үй кешені. Ескі үйлер орналасқан жер телімдері сатып алынып, олардың орнына заманауи тұрғын үйлер бой көтеруде. Бұл тұрғындарға қаланың басқа бөлігіне көшпей-ақ тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді» деді жоба жетекшісі Олжас Ақыбаев. Елорданы одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Үкімет пен Астана қаласының әкімдігіне тозығы жеткен және апатты үйлерді ысырып, жер телімдерін сатып алу әрі реновация аймақтарын жаңғырту жұмысына жеке құрылыс компанияларының әлеуетін тартуды тапсырған болатын. «Дармен-1» тұрғын үй кешені – осы тетік арқылы жеке инвестиция есебінен жүзеге асқан алғашқы жоба.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА АРНАЛДЫ

Елордада қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық орындарда заң бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактика жұмысы жүріп жатыр. Осыған орай, «Таза Қазақстан» экология акциясы және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Сарыарқа ауданындағы «Көктал» саябағында жергілікті атқарушы органдар, полиция мен өзге де уәкілетті қызмет өкілдерінің қатысуымен рейд өтті.

Қатысушылар саябақ аумағын аралап, демалушыларға түсіндіру жұмысын жүргізді. Сондай-ақ көпшілік демалатын орындарда тазалық пен қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңызын еске салды. «Біз уәкілетті органдармен,

оның ішіндеАстана қаласы Сарыарқа аудандық полиция басқармасымен бірлесіп, қоғамдық орындарды ластау және абаттандыру қағидаларын бұзу фактілерін анықтауға бағытталған профилактика рейдтерін өткізіп келеміз. Мұндай іс-шара-

лар апта сайын ұйымдастырылады. Қоғамдық кеңістіктерді, саябақтар мен гүлзарларды қамтуға тырысамыз» деді Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімдігі аппараты ішкі саясат бөлімінің басшысы Дамир Хисматуллин. Оның айтуынша, ең жиі кез-

десетін құқық бұзушылықтардың қатарында темекі тұқылын, бөтелке және басқа да қоқысты бей-берекет тастау бар. Сондай-ақ абаттандыру қағидаларын бұзу жағдайлары анықталады. Мұндай жағдайда заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданады. Сонымен қатар рейдке қатысушылар саябақтарда демалуға және пикник ұйымдастыруға рұқсат етілгенін атап өтті. Ең бастысы – артынан қоқыс қалдырмай, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтау.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті елорда тұрғындары!

Астана қаласының мәслихаты ағымдағы жылы тамыз айының үшінші онкүндігінде «Туристік саланың қызметін үйлестіру және келу туризмін дамыту» тақырыбы бойынша көпшілік тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Көпшілік тыңдауға шығарылатын мәселе бойынша ес-

кертүлер мен ұсыныстарды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-37, 55-66-31 телефон нөмірлері арқылы, сондай-ақ astana@maslihat01.kz электрондық поштасына жолдауыңызды сұраймыз.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН, Астана қаласы мәслихатының төрағасы



Айгүл
УАИС

Қосшының тар-тымдылығын арттырып, демалыс орындарының қатарын көбейтіп тұрған «Tau park», «Пикник», «River club», «Чистые пруды» демалыс аймақтарын бағасына қарай таңдауға мүмкіндік бар. Шағын қалада бірнеше демалыс орнының қатар жайғасуы халық үшін қолайлы. Бәсекенің болуы қызмет көрсету сапасын арттыруға, жаздағы демалысты мазмұнды ұйымдастыруға тиімді жол ашады.

Тайтөбе де Астанадан қашық емес. Нұра өзенінің бойындағы демалыс үйлері демалуға, монша мен сауна қызметін пайдалануға арналған бірнеше ыңғайлы орын ұсынады. Ең танымал кешен қатарында «Paz zone» және «Нұра» базалары бар.

Астана-Қарағанды тасжолында да бірнеше демалыс орнын атап өтуге болады. Мәселен, Жібек жолы ауылында «Prime vill» мейрамхана-қонақүй кешені 65000 шаршы метр абаттандырылған орман алқабын алып жатыр. Аумағында төрт бассейнде тынығып, тамақтанатын орынның да жағдайын жасап қойған. Бағасы – 10 мың теңге шамасында. Одан сәл қымбаттау жерді қарастырсаңыз, «Jansaya resort» деген жер бар. Мұнда ересектер мен балаларға арналған бассейн, монша және тағы басқа да

ЕЛОРДА МАҢЫНДА ҚАЙДА ШОМЫЛУҒА БОЛАДЫ?



Шілденің ыстығында жанға жайлы жағалау іздеп кететін қала тұрғындары үшін Қосшы маңындағы демалыс орындарын ұсынар едік. Ең бір қолжетімдісі – отбасыға арналған «Саяжай» орны. Мұндағы бассейн, сауна мен монша, үйлер демалыстың көңілді өтуіне септігін тигізеді. Демалыс күндері бағасын көтергенімен, аптаның жай күндері төмен бағасын ұсынады. Сейсенбі күндері көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға қарастырылған жеңілдік бар.

ауылындағы Кіші Шабакты көлі, әрі кетсе Қатаркөл – елордалықтар үшін танымал көлдер. Мұнда да демалыс орындары жетерлік.

Сарыоба – Астанадан 50 км қашықтықта орналасқан, емдік тұзды суы мен рапасы (қою тұзды ерітіндісі) бар танымал табиғи су айдыны. Мұнда терендік біртіндеп артатындықтан, бұл жер отбасы демалысына, кайтсерфингке және суға шомылуға өте қолайлы. Көл өзінің минералданған суымен және тірек-қимыл аппараты мен тері ауруларының алдын алу үшін қолданылатын пайдалы түптік

жерлердің бірі болғандықтан, мұнда да қолжетімді бағамен демалып келуге болады. Талапкердің өзінде «Pisnik Talapker», іргелес жатқан Қажымұқанда «Ayaan park» аса қымбат емес. Балаларға арналған бассейн – 3 мың теңге, ересектер үшін – 6 мың теңге.

Астанадан жарты сағат жолда «Orman park», «Balqaragai» демалыс кешені жұмыс істейді. Қаладан ұзап шыққысы келмеген адамға мына демалыс кешенін ұсынар едік. «Terlo» демалыс аумағы қала ішінде, Қарқаралы тасжолы, 11 мекенжайында (Mega Silk Way СОО-нан 10 минут жерде) орналасқан. Бұл – күндізгі жағажай демалысына да, қонақүйлердегі жабық моншаға да бағытталған заманауи кешен. «Tengovka Ethno»-ны қала сыртындағы этнопарк деуге болады, ол Алаш тасжолы, 140/2 мекенжайында орналасқан.

Қарап отырсаңыз, елордадан аса қашық емес, бір күндік демалысқа барлық жағдай жасап қойған жайлы мекендердің әсіресе биылғы шілденің ыстығында бәсі артып тұр. Егер адам аяғы жете бермейтін өзен-көлдерде демалғыңыз келсе, оны да бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады.

Астана-Ерейментау жолындағы Көбейтүз, Теңіз көлі үлкен жолдан шалғайда емес. Ерейментауға әрі қарай өтсеңіз, ол жақта да балығы шоршыған өзен-көлдің жағасында демалуға болады.


Бурабай бағытындағы демалыс орындарының біріншісі – Ақкөл қалың қарағайлы, қайыңды орманды алқапта орналасқан. Табиғатының әдемілігі мен Астанаға жақындығы арқасында мұнда демалыс аймақтары (мысалы, «Aqköl pomad», «Добрый пар») дамып келеді. Бурабай, Ақылбай



қызмет түрлері бар. Астанадан бір сағатқа жетер-жетпес жолда, аталмыш елді мекенде «Veibağus» демалыс орны – аквазонамен, белсенді ойын түрлерімен қамтылған демалуға қолайлы жер. 13 гектар жерді алып жатқан демалыс аймағында футбол және волейбол, ми-

ни-гольф алаңы бар, сонымен бірге салт атпен серуендеп, балық аулауға да болады. Осы жолдың бойындағы «Aqbozat» демалыс аймағы да кейіннен ашылған ірі демалыс аймағы.

Талапкер, Қажымұқан елді мекендерін астаналықтар жақсы біледі. Елордаға жақын



«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №213 қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды:

1) «Астана қаласындағы Мұғалжар көшесі, Ақкемер көшесі және Қоңырөлең көшесінің шекарасындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (жекемүліктік тұрғын үйлер,

әкімшілік ғимарат, қонақ үйі, жер асты паркінгі бар тұрғын үй). Тапсырыс беруші: А.Д.Джанбаев.

2) «Астана қаласындағы Е117, ТМ-17, ТМ-36, ТМ-21 (жобалық атаулары) көшелерінің шекарасындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын (ЕЖЖ)» әзірлеу (кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгтері бар көппәтерлі тұрғын үй кешендері; кіріктірілген үй-жайлары, паркінгтері және кіріктірілген трансформаторлық қосалқы станциялары (ТҚС) бар көппәтерлі тұрғын үй кешендері; трансформаторлық қосалқы станциялар (ТҚС);

қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинауға арналған нысандар). Тапсырыс беруші: «АСТАНА СТРОЙ 2024» ЖШС.

3) «Майбалық» көлі ауданындағы аумақты егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (жеке тұрғын үйлер, көппәтерлі тұрғын үй, балабақшалар, мектеп, емхана, мешіт, фитнес-орталық, минимаркет, супермаркет, кафе, мамандандырылған дүкендер, сауда павильондары, дүкендері бар кафелер, қонақүй, балаларға арналған танымдық ойын-сауық орталығы, демалыс орталығы, визит-орталық,


эко-орталық, плаза-амфи-театр, кафе және мейрамханалар орталығы (әлем халықтарының асханасы), қонақ үйлері, электр қосалқы станциясы, қазандық, қойма үй-жайлары, өрт сөндіру деполары, спорт-сауықтыру кешені, автожуу, ТҚК (техникалық қызмет көрсету станциясы), дәріхана, аутлет, офис ғимараты). Тапсырыс беруші: «Maybalyk Estate» ЖШС.

Схемалармен «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ресми сайтында толық таныса аласыз.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 24 тамыз сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертүүлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде S.sulu@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ



Қазақстанда құмар ойынға тәуелділігі бар 9 адам ресми тіркелгенімен, 700 мың адам тұрғыды. Жақында finprom.kz бизнес және қаржы сараптама-сы порталының мамандары құмар ойындар нарығы-на жүргізген талдауында осындай жаға ұстатарлық деректі жария етті.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ЖАППАЙ БӘС ТІГУТЕ
КӨШТІ МЕ?

Сарапшылардың бағалауынша, еліміздегі онлайн-беттинг нарығы жоғары қарқынмен өсіп келеді. Оған дәлел, өткен жылы интернет арқылы жасалған бәс тігулердің көлемі 34,8 млрд теңгеден 370,5 млрд теңгеге жетіп, бір жылдың ішінде 10 еседен астам көбейген. Алайда дәстүрлі сауықхана мен ойын автоматтары қызметінің көлемі, керісінше, қысқарған. Сауықхана табысы 16,2 пайызға – 24,9 млрд теңгеге дейін, ал ойын автоматтарының табысы 17 пайызға – 4,4 млрд теңгеге дейін азайған.

Енді салыстырып қарайық: 2024 жылы онлайн бәс тігудің үлесі небәрі 6 пайызды құраса, бір жылдан кейін бұл көрсеткіш 62,6 пайызға дейін өсіпті. Демек, онлайн бәс тігу – құмар ойындары нарығының негізгі бөлігіне айналды деген сөз. Сарапшылар соңғы 1,5 жылда қазақстандықтар букмекерлік кеңселер арқылы 1,6 трлн теңге көлемінде бәс тіксе, соның ішінде 1,2 трлн теңгесі ұтыс ретінде ойыншыларға қайтарылған. Ал шамамен 400 млрд теңге букмекерлік компаниялардың үлесінде қалған.

Зерттеуден мәлім болғанындай, 2025 жылдың қорытындылары бойынша еліміздегі құмар ойындар мен бәс тігу қызметтерін көрсету нарығының көлемі 592, 2 млрд теңгені құраған. Бұл – осы саладағы ең жоғары көрсеткіш. 2017-2019 жылдармен салыстырғанда букмекерлік қызметтер көлемі 30 есеге дейін ұлғайған. Бір таңғаларлығы, құмар ойыннан ерікті түрде бас тартуға шешім қабылдағандардың саны да өсіпті. 2024 жылдың наурызынан 2026 жылдың мамырына дейін қазақстандықтар құмар ойындарға қатысуға өз еркімен тыйым салу үшін 457,4 мың өтініш берген. Соның ішінде 223,6 мыңы әлі де күшінде.

Құмарлық эпидемиясының ауқымы көз ілеспес жылдамдықпен өсіп барады. Алаңдатын сауал: ресми статистика мен тәуелсіз сарапшылардың бағалауында үлкен айырмашылық бар. Тәуелсіз қаржы мамандары Қазақстанда 350 мыңнан аса адам құмарлық дертіне шалдыққан дейді, ал 2026 жылдың басындағы ресми есепте осындай диагноз қойылған бар-жоғы 9 адам ресми тіркелген. Кімге сенеміз: ресми мәліметке ме, әлде, тәуелсіз талдауға ма? Мұндай жағдайдың туындауының өзі құмар ойындарға тәуелділікті анықтау мен зерттеудің, дертті емдеу мен алдын алудың әлі де жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетеді.



құмарлық эпидемиясы

НАУҚАСТАРДЫҢ
САНЫ НЕГЕ АЗ?

Расында, елімізде құмар ойынға тәуелді 9-ақ адам бар дегенге ешкім сенбейді. Бұл жердегі нақты статистиканы іздейтін болсақ, құмар ойынға шалдыққандарды емдейтін жекеменшік емханалардағы бөлмелерді, құпия топтарды және емдеу-сауықтыру орталықтарын түгел арауауымыз керек. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері де ресми есептегі сан тек диспансерлік бақылаудағы адамдардың қанша екенін білдіретінін айтады. Бұл жерде құпия қабылдау туралы сөз жоқ. Құзырлы ведомствоның ресми сайттарын шолып отырып мынадай ақпаратты көзіміз шалды: 2025 жылы елімізде 98 емделуші ерікті түрде стационарлық ем-дом алыпты. Сол емделген адамдардың 72-сі Алматыдағы Республикалық ғылыми-практикалық психикалық денсаулықты қалпына келтіру орталығында емделген. Одан бөлек, Астанада – 10 адам, Солтүстік Қазақстан облысында – 4 адам, Ақтөбе облысында – 3 адам, Шымкент қаласында – 3 адам, Жамбыл облысында – 2 адам, Қарағанды, Қостанай және Маңғыстау облыстарында 1 адамнан емханаларда ем-дом қабылдаған.

2025 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ ШАМАМЕН 442,5 МЫҢ АДАМ БӘС ТІКСЕ, СОЛАРДЫҢ ДЕНІ – 18-30 ЖАС АРАЛЫғыНДАғыЛАР. САРАПШЫЛАРДЫҢ айтуынша, елдегі әрбір 10 ЛУДОМАННЫҢ 9-ы – қазақ ұЛТЫНЫҢ өкілдері. ОЛАРДЫҢ 90 пайызы – ер-азаматтар

Бұл жердегі статистиканың шындыққа сәйкеспейтінін дәрігерлердің өздері де растайды. Өйткені еліміздің аумағындағы барлық психикалық денсаулықты қалпына келтіру орталықтарында құмар ойыннан жасырын емделу тетігі қарастырылған. Ол жерде емделушілерге құмар ойындарға паталогиялық тәуелділіктен арылуға жәрдемдесу ем-рәсімін қоса алғанда, дәрігерлік-әлеуметтік, психотерапевтік және сауықтыру рәсімдері жасалады. Кейбір адамдар құмар ойыннан тегін ем-дом алуға болатынын да білмеуі мүмкін. Ал құмар ойыннан емделу Кепілдік берілген

тегін дәрігерлік көмек жүйесіне кіреді. Себебі «F63 диагнозы» әлеуметтік маңызы зор аурулар тізіміне енгізілген. Яғни мемлекеттік емханаларда ем-дом алған адам тегін тексеріліп, қаралып, емделуге құқылы деген сөз. Мысалы, Астана қаласындағы Хусейн бен Талал көшесіндегі 7-үйде орналасқан Психикалық денсаулық орталығынан осындай ем-домды тегін алуға болады.

ЛУДОМАННЫҢ
ПОРТРЕТІ

Зерттеуші мамандардың пайымдауынша, Қазақстанда, негізінен, құмар ойындарына тәуелділік дертіне шалдыққандардың 90 пайызы – ер-азаматтар. Мұндай дерек өткен жылы ресми жарияланған «Қазақстандағы лудомания феномені және оны дамытуға ықпал ететін факторлар» атты сараптамалық баяндамадан алынып отыр. 2025 жылы елімізде шамамен 442,5 мың адам бәс тіксе, солардың дені – 18-30 жас аралығындағылар. Сарапшылардың айтуынша, елдегі әрбір 10 лудоманның 9-ы – қазақ ұлтының өкілдері.

Бір таңғаларлығы, бұрын бәс тігумен орта жастағы адамдар көп айналысса, қазір бұл дерт «жасарып» кетті. Мәселен,

гі орында қаржы саласының өкілдері тұр: 13,3 пайыз. Бұл жерде лудомандардың арасында тікелей мемлекеттік қызметке қатысы бар адамдардың үлесі 11,7 пайызды құрайды. Одан бөлек, лудомандардың тағы 11,7 пайызын бұрын кәсіпкерлікпен айналысқандар және өзін-өзі асыраушы азаматтардың тобына жататындар құрайды» делінген аталған зерттеуде.

Алайда әлеуметтанушы-мамандар нағыз лудоманның әлеуметтік және психологиялық портретін жасап шығару мүмкін еместігін алға тартады. Егер сондай портретті жасауға мүмкіндік болса, құмар ойынға есіктердендіріп алдын ала анықтап, емдеудің тиімді жолдарын да табуға болар еді. Әлеуметтанушы Сәбина Шаймерденова лудоманның нақты портретін жасайтын көмексі критерийлер ғана бар екенін айтады.

– Лудомандардың арасында ер-азаматтар көп кездеседі. Бұл жерде ежелдердің үлесі аз болғанымен, мәселе жоқ емес. Меніңше, нағыз лудоманның белгілі бір жасын бекіту мүмкін емес. Өйткені іс жүзінде өмірде 14 жастан бастап 60 жасқа дейінгі жас санатында құмар ойынға құмартқандар бар. Тіпті 60 жастан асқан адамдар да бұл дертке шалдығуы әбден мүмкін. Күнделікті тірлікте ақшаның жетіспеушілігі, банктен алған қарызды қайтару, отбасындағы шығындарға қаражат табу сияқты қаржы мәселелерінен шаршаған жандар құмар ойынның құрығына тез түсіп қалады. Мұндай кезде жақын адамдарының жанашырлығы, мейірімділігі және қаржылай қолдауы бәрінен де маңызды, – дейді ол.

ЕСЕПТЕ ҚАНША
АДАМ БАР?

2026 жылдың басындағы есеп бойынша психобелсенді заттарды қолдануға байланысты психикалық және мінез-құлық ауытқулары бар 108 мыңнан астам адам динамикалық тіркеуде тұр. Соның ішінде 18 мыңға жуығы – нашақорлар, 90 мыңнан астамы – маскүнемдер. Ал ойынқұмарлық белгілері бар азаматтардың саны 450 мың адамға жуықтайды. Мұндай ақпарат биыл көктемде елордадағы Психикалық денсаулық сақтау орталығында өткен жиында айтылды. Парламенттің экс-депутаты Айна Мысырәлімова ең бастысы проблеманың

ауқымында емес, құмарлықтан емдеудің тиімділігінде жатқанын айтады.

– Нашақорлыққа шалдыққан науқастардың 70-80 пайызы алғашқы жылы қайтадан есірткі тұтына бастайды. Қазақстанда олармен жұмыс істеу жүйесі кешігіп әрекет етеді. Іс жүзінде адам стационардан шығып, кейін жұмыстың және қолдаудың жоғынан бұрынғы ортасына қайтып барады. Нақты нәтижеге жетеміз десек, құмарлықтың алдын алу, ерте анықтау, емдеу, оңалтуды және қайта әлеуметтендіруді біріктіретін біртұтас «көмек континуумы» моделіне көшкен абзал. Ауырған адамды жазалау мен есепке алу тәсілінен гөрі оңалтуға баса назар аударайық. Ол үшін орталықтарды міндетті лицензиялау және бақылау арқылы инфрақұрылымды дамыту, емделуден кейін пациенттерді ұзақмерзімді қолдау жүйесін енгізу керек, – дейді ол.

Парламенттің тағы бір экс-депутаты Асхат Аймағамбетов лудоманиямен күрестегі бүгінгі тәсілдер тиімсіз екенін айтады.

«Лудоманияға ерекше назар аударып, оны дербес бағыт ретінде алып, жедел желілерді құрып, клиникалық хаттамаларды қайта қарау қажет. Өйткені бұл саладағы қазіргі қолданылып жүрген тәсіл тиімсіз» дейді ол.

ҮКІМЕТ НЕ
ІСТЕУІ КЕРЕК?

Мәжілістің экс-депутаты Нұрлан Әуесбаев құмарлық эпидемиясының ұлттық мәселеге айналып бара жатқанына алаңдайды.

«700 мыңнан астам ойынға тәуелді азаматтардың артында күйреген отбасы, жоғалған уақыты, қыруар қаржысы мен әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері қордаланып тұрғаны айтпаса да түсінікті. Біз ойынханаларды заңдастырып табыс табамыз деп жүргенде, талай тағдырдың тамырына балта шабылып, сан мыңдаған бала ата-анасының қамқорлығына мұқтаж күйде қалып қойды. Енді мәселені ауқымды зерделеп, азаматтарымызды құмар ойыннан құтқаратын уақыт жетті деп ойлаймын. Біздің елде құмар ойынға тәуелді азаматтарға көрсетілетін медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмектің көлемі мен қолданылып отырған шектеу іс-шараларының арасында үлкен теңгерімсіздік бар. Атап

айтқанда, 2024 және 2026 жылдарға арналған лудомания мен заңсыз ойын бизнесіне қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарда, азаматтарды оңалту мен көмектесуге мемлекет тарапынан қамтылатын азаматтардың саны бар болғаны 300 адам деп белгіленген екен. Бұл мәселені одан сайын ушықтырмаса, оңалтуға қауқарсыз сан екені айдан анық. Сондықтан азаматтарды оңалту мен ойынқұмарлықтың алдын алатын іс-шараларды шұғыл түрде қолға алмасақ, ұлтымыздың ұлдары мен қыздарын түпсіз құрдымнан сақтап қалу өте күрделі болып кетері анық» деді ол маусым айында Үкімет басшысы Олжас Бектеновке жолдаған сауалында.

Оның айтуынша, криптовалюталарды пайдаланатын заңсыз шетелдік онлайн-платформалардың қызметі де елімізге үлкен қатер төндіруде.

«Қазақстанда «дроп-карталар» мен жалған төлем шоттары арқылы жүзеге асатын қаржы схемалары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаптап келеді. Сарапшылардың бағамдауынша, осындай заңсыз ойын бизнесіндегі қаржы айналымы 500 миллиард теңгеден асыпты. Қала берді бұл мемлекеттің қаржылық қауіпсіздігіне орасан зор қатер төндіріп, көлеңкелі экономиканың дамуына ықпал етуде. Осы мәселелерді ескере отырып, елімізде азаматтарға медициналық және психологиялық көмектің қолжетімділігі мәселесіне ерекше назар аудару керек. Өзінің ойынға тәуелді екенін түсінген сан мыңдаған азамат әлеуметтік салдар мен түрлі шектеуден қауіптеніп, мемлекеттік медициналық ұйымдарға жүгінуге батылы бармайды. Ал жекеменшік оңалту орталықтарының қызметі қымбат екені анық. Өзі де қаражаттан таршылық көріп жүрген бұл азаматтардың арқасындағы ауыртпалықты жеңілдетіп, мемлекет тарапынан қолдап жіберу аса қажет екені анық. Сондықтан оңалту орталықтарын мемлекет тарапынан субсидиялап, ел азаматтарының қалыпты өмірге оралуына қолдау көрсету дәл қазіргі уақытта аса қажет деп ойлаймын» дейді экс-депутат.

Ол Үкіметке мынадай нақты ұсыныстарын жолдады: оңалту орталықтары ойынға тәуелділіктен емделу кезінде толық құпиялылықты қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді әзірлеуді және енгізуді талап етеді. Егер емделушінің жағдайы айналасындағыларға тікелей қауіп төндірмесе, оны автоматты түрде шектеу есебіне қою тәжірибесі қолданылмауы тиіс; ойынға тәуелділіктен емделіп шыққан азаматтарды оңалтудан кейін қолдау тетігін әзірлеп, соның ішінде банк несиелері бойынша төлемді уақытша кейінге қалдыру мүмкіндігін қарастыру; Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қаржылық мониторинг агенттігі бірлесе отырып, заңсыз ойын алаңдарына қаражат шығаруға пайдаланатын төлем жүйелері мен «дроп-карталарды» анықтау және олардың жолын кесу іс-шараларын күшейтуі қажет; білім беру мен әлеуметтік нысандарда психологтардың лудоманияны анықтау және оның алдын алу мәселелері бойынша тәуекелдерді ерте кезеңде анықтай алатын жүйе құру және жастар мен отбасылар арасында тиімді профилактика жүргізетін мамандар желісін құру маңызды болмақ.

«Лудоманиямен күрес – ең алдымен Қазақстанның экономикалық және демографиялық қауіпсіздігі мәселесі. Бізге бұғатталған сайттардың саны туралы есеп емес, ойынқұмарлықтан құтқарылған тағдырлар мен қоғамға қайта оралған отбасылардың саны аса қажет» деп сөзін түйіндеді Н.Әуесбаев. Бұл пікірге алып-қосарымыз жоқ.

Қазір Қазақстан халқының 60 пайыздайы қалада тұрады, қазақтың алтын бесігі – ауылдар саны әлі де азая беретіндей, яғни тілдік ортаның келешегі қалаларға қарай ауысып барады. Кеше өздері орысша оқыған, шала қазаққа айналудан арылғысы келген тәуелсіз еліміздің жас ата-аналары ізгі оймен балаларын қазақ мектептеріне көптеп беруде. Ниет жақсы, бірақ олар балаларының қазақша сабағын үйде қадағалап, оқытып отыруға дәрменсіз. Өйткені қазақшаға шорқақтығынан өздері де оқулық тапсырмаларын түсіне бермейді. Бар үміті – мектеп, мұғалім. Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жөніндегі мәртебелі комиссияның тілдік дағдыларды қалыптастыруда балабақша мен мектеп шешуші рөл атқарады деп тұжыруы да осыдан.

Оқу бағдарламасы бойынша мемлекеттік орта мектепте бір сыныпта 25 бала оқиды, ақиқат сол – әсіресе қалаларда 1-сыныпта солардың жартысы қазақша еркін білмейді, сөйлей алмайды, оқығанын түсінбейді. Бастауыш мұғаліміне оқушыларының жартысы қазақша түсіне бермейтін сыныпта әрі қазақша үйрету, әрі оқу бағдарламасын игерту – қос міндет өзінен-өзі жүктелген. Оқытушы сыныптағы ана тіліне шорқақ баланың бәрін бір оқу жылында қазақшаға жетік үйрете алмайтынын тәжірибе көрсетіп отыр.

1-сыныпта әлі қазақша ұғып үлгермеген балаларға 2-сыныпта орыс тілі, 3-сыныпта шет тілі қосылады да, жағдайды түзету тіпті қиындайды. 1-сыныпта ана тіліне енді жаттыға бастаған балалар қайтадан аралас тілдік ортаға түседі.

Оқушы мектептен шыққаннан кейінгі уақытының басым көпшілігінде бірыңғай қазақша тілдік ортада бола бермейді. Балалардың бәрінің қолындағы орысшасы басым телефонды, үйдегі теледидарды, цифрлық кеңістікті қосыңыз. Қала балаларының бәрі бірдей қазақша жалғыз «Балапан» телеарнасын көре қоймайды, өйткені ол әртүрлі жастағы балалардың жас ерекшелігіне бірдей сәйкесе бермейтіндіктен, қызықпайды. Ал орысша мультфильмдер телеарналары бірнешеу, яғни орысша тілдік орта үстем.

Балабақшалардағы, мектептердегі, цифрлық кеңістіктегі және бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдік ортада қазақ тілінің кемшін болуы да балалардың ана тілін жетік меңгеруіне кәдімгідей кедергі келтіріп отырғаны байқалады. Жақында Парламентте Мәжіліс депутаты Р.Зайтов Оқу-ағарту министрінің орынбасарына министрліктің тапсырысымен қанша қазақша мультфильм шығарылды, ондай тапсырыстар бар ма өзі деген сұрақты бекер қойған жоқ. Бұған балалардың өздері тіпті сабақтар арасындағы үзілістерде, балабақшадан, мектептен шыға сала бір-бірімен, тіпті бірсыпыра ата-ана қазақша оқуға берген балаларымен өздері әлі орысша сөйлесетінін қосайық. Осының бәрі, тиісінше, білім алу сапасына әсер етері сөзсіз. Осындай себептерден баланың сабақ үлгерімі нашар, түсінбегендіктен оқуға ынтасы кем. Бірақ оқушыға ұрсуға, төмен баға қоюға, оны сол сыныпта қайта қалдыруға болмайды, сыныптан жоғары сыныпқа әйтеуір көшіре береді. Осыдан барып кейбір ата-ана қазақша оқуды ұға алмаған баласын орыс сыныбына ауыстыруға мәжбүр болған, содан баламның сабақ үлгерімі жақсарып кетті деп мәз болып жүрген қайттар да баршылық. Бұл – жазақ мектебінің, оқытушының абыройын түсіретін, өкінішке қарай, қалып-



БАЛА ТІЛІ АНА ТІЛІНДЕ ШЫҚСА...

2026 жылы 17 маусымда Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жөніндегі комиссияның төрағасы А.Ф.Балаеваның басшылығымен өткен осы комиссияның отырысы туралы ресми ақпаратта комиссия мүшелері тілдік дағдыларды қалыптастыруда балабақша мен мектептің шешуші рөл атқаратынын атап өтіп, мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін заман талабына сай жаңғырту қажеттігіне ерекше назар аударғаны айтылды. Бірақ комиссия осы өзекті мәселе бойынша қандай шешімдер қабылдағаны хабарланбады. Осы орайда мектепке дейін және бастауыш білім беру саласында әлі де жүйелі зерделеуді, нақты пәрменді шешімдерді қажет ететін мәселелер бар еді.

ты жағдайға айналған ахуал. Бұл жерде мектепті, ұстазды кінәлау орынсыз, олардың еңбегі адал. Тіл майданында алғы шепте осындай қиын жағдайды түзеу үшін тер төгін жүрген бастауыш мұғалімдері қашанда алғысқа лайық!

Өзіміздей азиялық жапон, корей ұлттары балаларын 10 жасқа дейін тек өз тілінде тәрбиелеп, оқытып-ақ, артта қалмақ түгілі, әлемнің алдына шыққан озық тәжірибесін қазақ зиялылары талайдан айтудай-ақ айтып, бұқаралық ақпарат құралдары жазып келеді. Педагогика және психолнгвистика саласындағы көптеген ғылыми-тәжірибелі зерттеу, зерделеу баланың ең алдымен ана тілінде мақсатты сауат ашуы оның ұлттық болмысының ерте бастан бекем қалыптасуына, өзге тілдерді де жақсы меңгеруіне септігін тигізетінін көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттік тілдің жетік меңгерілуі тек білім беру сапасының ғана емес, сайып келгенде, мемлекетте тіл саясаты тиянақты жүргізілгенінің, балалар құқығы қорғалуының маңызды көрсеткішіне айналатыны сөзсіз.

Балаларымыз жастайынан көп тілді меңгеріп, келешекте бәсекеге қабілетті ұрпақ өссін деген ізгі ниетпен енгізілген, алайда жеткіншек тәрбиесіндегі, мектепке дейін және бастауыш білім алуындағы әлемдік тәжірибе, ғылыми тұжырым ескерілмеген «үш тұғырлы тіл» саясаты, өкінішке қарай, көздеген мақсатқа кереғар нәтиже бергенін өмір дәлелдеп отыр. Бұл келеңсіз жағдайды түзету тұрғысында шара қабылданды да. Мектепте орыс тілі, шет тілін оқыту бір жылға кейінге жылжыды. Алайда бұл, шынтуайтында,

жартыкеш шешім қоғам бойына дендеп еніп кеткен кесел – ана тілімізден алшақтауды толық есере алмағаны – бүгіннің ақиқаты.

Жақында Парламентте Мәжіліс депутаты Қ.Иса Оқу-ағарту вице-министрі Ш.Ақпароваға Астанада қазақша дейтін балабақшада қазақша тәрбиеші болмағандықтан, немересін үш балабақшаға ауыстыруға мәжбүр болған жағдайды баяндады. Таяуда әлеуметтік желіде Қостанай облысының Рудный қаласында қазақша балабақшада меңгерушінің екі тілде қазақша-орысша қатар қарым-қатынас жасау қажеттігі туралы өрескел хабарландыруы тарады. Сонда оның аралас балабақшадан не айырмашылығы қалды дейді наразы ата-аналар. Мұндай мысалдарды тізе берсек жетіп артылады.

Қолында билігі, сөзі уәлі мәртебелі кісілер қазақша не аралас мектепке бара қалғанда бастауыш сыныптарға міндетті түрде кіріп, сөз келген оқушымен қазақша сөйлесіп көрсе, сөзіміздің асыра айтылып отырмағанына, мүшкіл жағдайға көздері жетер еді. Өкінішке қарай, бұл күллі Қазақстанның, әсіресе қала мектептеріне ортақ тән жағдай және қауіптілігі де осында.

Қазір кейбір мәртебелі лауазымды адамдардың мемлекеттік тілге шорқақтығы ешкімді таңғалдырмайды, бірақ қынжылтады. Келешекте ел тағдыры осындай дүбәра ұрпақтың қолына өтуі мүмкін екені ұлттық қауіпсіздікке, Тәуелсіздігімізге төніп тұрған, қазір көріне қоймайтын қатердің, біз айтып отырған қауіптің нақ өзі емес пе?!

Сөздің түйіні, осындай келеңсіз, қатерлі жағдайды түзеу

үшін мемлекет тіл саясатында бетбұрысты пәрменді шаралар қабылдауы тиіс. Осы орайда өз тарапымыздан мынадай ойымызды Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жөніндегі комиссияның, қоғамның назарына ұсынамыз:

1. Мектепте орыс тілін және шет тілдерін 4 не 5-сыныптан бастап оқытуға көшіру. Қазақ тілін жеткілікті меңгермей, мектеп табалдырығын аттаған балалар үшін арнайы тілдік бейімдеу бағдарламасын қосымша енгізу. Бұл – аса өзекті қажеттілік. Ол орыс тіліне және басқа тілін толық меңгерген, ұлттық болмысты ұрпақ тәрбиелеу – Отанымыздың қауіпсіздігін, Тәуелсіздігімізді бекемдеудің төте амалы. Бұдан басқа жол жоқ! Қауіпсіздік тек әскер күшімен сақталмайтыны – аксиома.

2. Мемлекеттік балабақшаларды біртіндеп айналдыру. Ол үшін биылдан бастап жыл сайын жаңа қабылданатын алғашқы топтарды қазақшаға көшіру жеткілікті, сонда 4-5 жылда балабақшалар толық қазақшаға айналар еді. Балабақшадан тілі

қазақшаға жаттыққан балалар мектепке келгенде өздері де, ата-аналары да қиналмайды. Орыс сыныптарында оқитын балалар қазақ тілін меңгеруді еркін жалғастыра береді. Балабақшалардың орыс тілді тәрбиешілерін қайта бейімдеу не басқа жерлерге жұмысқа орналастыру – мемлекеттің қолында. Сонда ата-аналардың да, тәрбиешілердің де тарапынан шу шыға қоймайды.

3. Балалар үйлерін толық қазақша, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге, мемлекеттік тілде оқытуға көшіру. Бұл да өте өзекті мәселе. Өйткені олардағы балалардың ата-анасы – мемлекет, ұлты – Қазақ елі, демек тілі де мемлекеттік болуы қисынды.

4. Балалардың жас ерекшелігін ескерген кемі тағы бір қазақша телеарна ашу. Балалар мен жасөспірімдерге арналған

әлеуметтік желілерде олардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін қойылымдарды тұтынуға қатысты халықаралық тәжірибені зерделеп, балалар құқығын қорғау қағидатына сәйкес шектеу қоятын тиісті ұсыныстар әзірлеу. Әлем елдерінің, мысалы, Аустралия, Индонезия, Малайзия, Қырғызстан, Қытай, Ұлыбритания, Еуроодақ елдері – Германия, Грекия, Дания, Испания, Италия, Франция, АҚШ-тың бірқатар штаты және т. б. тәжірибесін ескеріп, 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің әлеуметтік желіде: Instagram, TikTok, Facebook, YouTube, Reddit және т. б. бейәдеп толы арналарды көру мүмкіндігін заң жүзінде шектеу. Талай жасөспірімнің аталған арналарда көретіні орысша, шетелше және бала психикасын бұзатын қатыгездік, анайылық толы қойылымдар екені баршаға мәлім. Таяуда қоғамды дүр сілкіндірген төтенше оқиға болды – Алматыда 12 жастағы баланы 13 жасар екі бала шімірікпестен пышақтап өлтірді. Маңғыстау облысының Қарақия ауданында балабақшада балақай басқа баланы пышақпен жарақаттаған. Өкінішке қарай, мұндай әлімжеттік қайғылы оқиғалар жасөспірімдер арасында баршылық. Осындайдың бәріне әлеуметтік желіде бейбастақ арналардың ашықтығының да әсері бар екені сөзсіз.

Бұл мәселелер бойынша педагогтардың, балабақша меңгерушілерінің, мектеп директорларының, ғалым-педагогтардың, ата-аналардың, қоғам белсенділерінің, басқа да азаматтардың пікірі зерделенді. Олардың ортақ пікірі – ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиесіз берілген білім түбінде қасиетті Отанымыздың Тәуелсіздігіне қатер төндіруі мүмкін. Осы қалыппен қазақ қоғамы кете берсе, келешекте қазақша тек жасаңды зиятпен тілдесетін күнге жетуіміз, тіліміз де, діліміз де, түріміз де қазаққа ұқсас қана әлдебір ұлт кейпіне айналуымыз әбден кәдік. Жіберіп алған олқылықтарды түзету амалдарын шұғыл қолға алу – қажеттілік. Мемлекет қазақ тілінде оқыту, ұлттық тәрбие беру сапасын көтеруге аса мән бермесе, оқу бағдарламасын түземесе кеш болады.

ҚАЗІР КЕЙБІР МӘРТЕБЕЛІ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ШОРҚАҚТЫҒЫ ЕШКІМДІ ТАҢҒАЛДЫРМАЙДЫ, БІРАҚ ҚЫНЖЫЛТАДЫ. КЕЛЕШЕКТЕ ЕЛ ТАҒДЫРЫ ОСЫНДАЙ ДҮБӘРА ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНА ӨТУІ МҮМКІН ЕКЕНІ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ ТӨНІП ТҰРҒАН, ҚАЗІР КӨРІНЕ ҚОЙМАЙТЫН ҚАТЕРДІҢ, БІЗ АЙТЫП ОТЫРҒАН ҚАУІПТІҢ НАҚ ӨЗІ ЕМЕС ПЕ?!

қазақ тіліндегі заманауи танымдық, ғылыми-көпшілік және ойын-сауық қойылымдарды көбейту, цифрлық тұғырнамаларды дамыту, осындай бағдарламаларға мемлекеттік тапсырысты көбейту. Бұл ретте, меншік нысанына қарамастан, Қазақстанның барлық телеарнасында кемі 2 сағат балаларға арналған қазақша хабарлар, көрсетілімдер бағдарламасын ашуды заң жүзінде міндеттеу.

5. Ұлттық тәрбиеге, құндылықтарға бағыттайтын мультфильмдер жасауға, үздік шетелдік мультфильмдерді қазақшалауға мемлекеттік тапсырысты еселеп арттыру. Жылына отандық және шетелдік кемі 100 мультфильм қазақша шығып отырса, қазақша мультфильмдер қоры молайып, телеарналарда қазақша үлестің мазмұны байи түсер еді.

6. Балалардың сана қауіпсіздігін, психикасы бұзылмауын қамтамасыз ету мақсатында

Қазіргі сайлау науқаны кезінде саяси партиялар осы өзекті ұсыныстарымызды қолдап, өздерінің сайлауалды бағдарламасына қосса, сайлаушылар назарын өздеріне аудара алатын әуделерінің бірі болар еді. Әлемге әйгілі күрескер Мартин Лютер Кинг «Дуниенің бұзылуы адамдардың үндемеуінен» деген екен. Мәселе ұрпақ-ғымыздың келешегіне, ұлттық қауіпсіздікке келгенде биліктің бастауы – халық үнсіз қала алмайды. Мақсатымыз – Қазақстан азаматтарының мемлекеттік тілді еркін меңгеруіне мейлінше қолайлы жағдай жасауға, білім сапасын арттыруға және ұлттық құндылықтарға негізделген бірегейлікті нығайтуға, балалар құқығының қорғалуына септесу.

Ақайдар ЫСЫМҰЛЫ,
Қазақстанның
мәдениет қайраткері,
тіл жанашыры,
Астана қаласы

АРДАГЕРЛЕР – ҚОҒАМ ЖАНАШЫРЫ

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, әлеуметтік әділеттілікті орнату және экономикалық әлеуетті нығайту ісінде аға буынның өмірлік тәжірибесі мен интеллектуалдық әлеуеті мемлекеттік реформалардың қозғаушы күшіне айналуы тиіс. Осы тұрғыда ардагерлер қозғалысы қоғамдық сананы трансформациялауға және ел дамуындағы өзекті тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған өз стратегиясын ұсынады.

Таяуда республикалық БАҚ-та «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Әбілғазы Құсайыновтың Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан құру және «Адал азамат» тұжырымдамасын қалыптастыру бағытын қолдауға арналған «Даналық формуласы» атты мақаласы жарық көрді. Аға буын өздерінің басты рөлін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы тұжырымдамасын қалыптастыру жөніндегі стратегиялық бағытын қолдаудан көреді. Қоғам берік моральдық тірекке мұқтаж және дәл осы ардагерлер активі өскелең ұрпақты тәрбиелеу миссиясын өз мойнына алуға дайын. Бұл жұмыс негізгі 7 іргелі бағыт бойынша құрылады, олардың әрқайсысы қазіргі кезеңде ерекше өзекті, терең идеологиялық

әсерге ие және сәтті жүзеге асқан жағдайда елдің терең ойлайтын, әділ азаматының жаңаруы мен қайта өрлеуіне ықпал етеді. Бұл мәліметтерді жиналған жұртшылыққа Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин жеткізді.

«Адал азамат» атты дөңгелек үстелді ұйымдастырып отырған: Астана қаласы Алматы ауданының ардагерлер кеңесі. Аталған қатарына қосылды. Антиретровирустық терапияны жүйелі қабылдау вирустың көбеюін тежеп, иммунитет жүйенің қызметін сақтауға мүмкіндік береді. Бүгінде көптеген науқас дер кезінде қойылған диагноз бен тиімді емнің арқасында ұзақ әрі сапалы өмір сүріп, қоғамның белсенді мүшесі болып қала береді. Ал алғашқы тіркелген жағдайлардың бірі болған бұл науқастың өмір жолы – АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдар үшін үміт пен сенімнің нақты үлгісі.

ның және Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы «Зияткерлер клубының» мүшелері қатысты.

Әбілғазы Құсайыновтың ауқымды мәселелерге байланысты мақалада айтылған «7 басым бағыт» негізін талқылауды дамыту үшін сөз Ғалия Құсайынқызына берілді. Ғалия Құсайынқызы ең алдымен ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Адал табыс, Адал еңбек, Адал адам» қағидасына байланысты осы ұғымдардың адам бойында қатар жүретін ең жақсы қасиеттер екеніне тоқталды. Ең бастысы, әр ата-ана өз ұрпағын еңбекқор, адал, әділ, кішіпейіл, патриот етіп тәрбиелеуі керек. «Әділетті Қазақстанды» құру үшін тек саяси-экономикалық реформаны жасау жеткіліксіз, алдымен адамзат баласының



ниетін өзгерту қажет.

«Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Адал табыс, Адал еңбек, Адал адам» қағидатын нақтырақ айтсақ: жемқорлармен күресетін, адал адам тәрбиелейтін, Тәуелсіздігіміздің тұғырын одан әрі бекітетін – асыл құндылық.

Ардагерлер арасында өмір көрген, тәжірибесі мол, адал адамдар жеткілікті. Олар өздерінің алған жақсы тәжірибесін жастарымыздың санасына жеткізуі керек, бұл – біздің парызымыз. Қазіргі қоғамда болып жатқан келенсіз жайлардан жастарды хабардар ете отырып, ұрпағымызды Отанын сүйетін патриот етіп тәрбиелеуге үйретіп отыруымыз қажет. Осы ойларды ортаға салған

журналистің пікірі жиналған көпшілікке қатты ұнады.

«Адал азамат» тұжырымдамасын талқылауға Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы «Зияткерлер» клубының мүшесі, журналист Тоғайбай Рысбек, «Зияткерлер» клубының және оның жетекшісі Тұрлыгүл Сүлейменова, абайтанушы, жазушы Қалибек Алтыбаев, ардагер-ұстаз Мәдина Асатова, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана қаласы Алматы аудандық ардагерлер кеңесі президиумының мүшесі Құлзина Ысқақова өз ойын ортаға салды. Ал Марат Мұстафин «Адал азамат» атты іс-шараға қатысып, өз ойымен

бөліскен Ғалия Құсайынқызына жиналғандардың атынан алғыс айтты. Іс-шара соңында наурыз айында қабылданған Конституциямыздың шешімімен 23 тамызда Құрылтай сайлауы өтетіні ескертілді. Ал «Адал азамат» тұжырымдамасының «7 басым бағыт» бағдарламасына арналған дөңгелек үстелде айтылған пікірлер жиналған қауымға жақсы бір күш-қуат жинақтауға себеп болды.

Баянды ӘЛПИ, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесі медиатөбесінің жетекшісі

АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Биыл Астана қаласы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығына 30 жыл толды. «ЖИТС ауруының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 қаңтардағы қаулысын орындау мақсатында, Ақмола облысы әкімінің 1996 жылғы 21 маусымдағы №60 шешімі негізінде, «ЖИТС-тың алдын алу жөніндегі Ақмола облыстық орталығы» Облыстық денсаулық сақтау басқармасының 1996 жылғы 25 маусымдағы №54-1 бұйрығы шығып, 1 шілде айында ресми түрде құрылды.

Орталық құрылған алғашқы күннен бастап материалдық-техникалық базаны нығайтуға, кадр әлеуетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Зертхана және тоңазытқыш жабдықтары, диагностикаға арналған тест-жүйелер мен ұйымдастыру техникасын сатып алуға қажетті қаражат бөлінді. Орталық ашылған күннен бастап білікті кадрларды даярлау мен оқытуға, ұлттық және халықаралық талаптарға сай қызмет көрсетуге назар аударды.

1999 жылғы 19 мамырда «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы Жарлығына және «Мемлекеттік заңды түлғалар мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, мекеменің қызметін жетілдіру мақсатында қайта ұйымдастыру жүргізілді. Осыған байланысты Ақмола облысы әкімінің 1999 жылғы 5 мамырдағы №7 бірлескен шешімі негізінде мекеме «ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды.

Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қазандағы қаулысына сәйкес мекеме мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып қайта ұйымдастырылды. Ал Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 қарашадағы №106-3108 қаулысына сәйкес атауы «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» болып өзгертілді.

Астана қаласында АИТВ инфекциясының алғашқы жағдайы 1997 жылғы 24 сәуірде тіркелді. Науқас тергеу изоляторында қамауда болған ер адам еді. Эпидемиологиялық зерттеу нәтижесінде инфекцияның гетеросексуалдық жыныстық қатынас арқылы жұққаны анықталды. Ауру анықталған кезде оның жасы 21-де болған және отбасын құрмаған. Қазіргі уақытта ол басқа өңірде тұрады. Дегенмен уақытында көрсетілген медициналық көмек, антиретро-

вирустық терапияны тұрақты қабылдау және дәрігерлердің кәсіби бақылауының арқасында науқас бүгінге дейін өмір сүріп, қалыпты өмір салтын жалғастыруда. Бұл жағдай АИТВ инфекциясын ерте анықтау мен тұрақты емдеудің маңызын көрсетеді.

Соңғы жылдары медицина саласындағы жетістіктердің арқасында АИТВ инфекциясы созылмалы бақыланатын аурулар қатарына қосылды. Антиретровирустық терапияны жүйелі қабылдау вирустың көбеюін тежеп, иммунитет жүйенің қызметін сақтауға мүмкіндік береді. Бүгінде көптеген науқас дер кезінде қойылған диагноз бен тиімді емнің арқасында ұзақ әрі сапалы өмір сүріп, қоғамның белсенді мүшесі болып қала береді. Ал алғашқы тіркелген жағдайлардың бірі болған бұл науқастың өмір жолы – АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдар үшін үміт пен сенімнің нақты үлгісі.

30 жыл ішінде орталықта көптеген өзгеріс болды. Орталығымыз кеңейіп, үлкен ғимаратқа көшті. Астана еліміздің бас қаласы болғандықтан, халық саны көбейді, көші-қон миграциясы ұлғайды. АИТВ инфекциясының таралуын азайту үшін халықтың негізгі топтарының қоғамдастық деңгейінде тестілеудің, консултациялардың және профилактиканың қолжетімділігін кеңейту үшін сенім пункттері мен достық кабинеттерін қосымша ашу қажет болды. Осыған орай, орталық тегін, жасырын, ерікті және құпия негізде мамандандырылған, білікті медициналық көмек көрсете отырып, «бір терезе» қағидаты бойынша профилактикалық көмек бөлімшесін құрды.

Бүгінде орталық – заманауи автоматтандырылған зертхана жабдықтарымен қамтылған, материалдық-техникалық базасы мықты, білікті мамандар бар алдыңғы қатарлы медициналық ұйымдардың бірі. Басқару жүйесі АИТВ инфекциясының таралуын төмендетуге, сапалы емдеу мен уақытылы профилактикалық көмекті қамтамасыз етуге бағытталған.

Орталық құрылған күннен бастап АИТВ саласындағы халықаралық саясат қағидаттарын ұстанып келеді. Негізгі басымдық – науқастарға сапалы әрі уақытылы медициналық көмек көрсету.

Орталық зертханасы Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінде «Медициналық зертханалар. Сапа мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар» ҚР СТ ISO 15189-2023 талаптарына сәйкес аккредиттелген. Алғашқы аккредиттеу 2018 жылы өткізілген еді.

Орталықтың құрылымына төменде аталған бөлімдер кіреді:

- Эпидемиологиялық бөлім;
- Емдеу-алдын алу бөлімі;
- Диагностикалық зертхана;
- Ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі;
- Алдын алу жұмыс бөлімі;
- Информатика және компьютерлік жабдығы бөлімі;
- Бухгалтерлік есеп және қаржы бөлімі;
- Шаруашылық бөлімі.

Орталықтың диагностикалық зертханасы халықаралық сыртқы сапа бағалау бағдарламаларына тұрақты түрде қатысады. Тиімді басқару жүйесі орталықтың серпінді дамуына және қаржы-экономика тұрақтылығына ықпал етті.

АИТВ инфекциясын диагностикалау үшін антиденелер мен вирустық антигендерді анықтауға мүмкіндік беретін IV буындағы тест-жүйелер қолданысқа енгізілді. Орталық ИФТ/ИХЛ және ППТ зерттеулеріне арналған заманауи автоматтандырылған қондырғылармен жабдықталған, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздік стандарттары енгізілген. Орталық қызметінің маңызды бағытының бірі – АИТВ жұқтыру қаупі жоғары халық топтарына профилактикалық қызмет көрсету. Бұл бағыттағы жұмысты тиімді жүзеге асыру үшін арнайы жабдықталған мобильді сенім пункті жұмыс істейді. Оның ішкі жабдықтауы құпиялылық қағидаттарын сақтай отырып, дала жағдайында АИТВ инфекциясына жедел диагностика жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалардағы АИТВ инфекциясын

ерте диагностикалау мақсатында жаңа туған нәрестелердің қанындағы АИТВ-ның провирустық ДНҚ-сын анықтауға арналған құрғақ қан дақтары (DBS) технологиясы енгізілді.

Қазіргі таңда АИТВ инфекциясын жұқтыру қаупін төмендететін тиімді құрал ретінде ұсынылып отырған антиретровирустық терапияны айта аламыз. АИТВ-ны емдеу тәжірибесіне тұрақты дозаланған біріктірілген препараттар енгізілді.

Антиретровирустық терапия алатын адамдар саны жылдан-жылға артып келе жатыр. АИТВ-ны емдеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен толығымен тегін жүргізіледі. Антиретровирустық терапияны қабылдайтын және вирусты анықталмайтын деңгейге дейін басылған адамдар инфекцияны екінші адамға жұқтырмай алады. Көптеген ғылыми зерттеу АИТВ-позитивті серіктестер арасында АРВ терапиясын қабылдаған және анықталмайтын вирустық жүктемені сақтаған дискордантты жұптарда АИТВ инфекциясының екінші серіктеске жыныстық жолмен берілу жағдайлары тіркелмегенін көрсетті. АИТВ-мен өмір сүріп, антиретровирустық терапияны қабылдайтын адамдарды қамту көрсеткіші 92%-ды (2764 пациент) құрайды. АРВ-терапиясына қол жеткізу сапасының артуы нәтижесінде ЖИТС-тан болатын өлім-жітім көрсеткішінің өсуіне жол берілмеді (1000 тұрғынға шаққанда – 0,7).

АИТВ-ның анадан балаға берілуінің алдын алу – АИТВ инфекциясы кезінде кешенді көмектің маңызды және ажырамас бөлігі. АИТВ мәртебесі «оң» болып анықталған жүкті әйелдің АРТ-ны қабылдауы деген сау баланың дүниеге келуін қамтамасыз етеді. Жүкті әйелдердің барлығы дерлік жүктілік кезінде АИТВ-ға тестіленуден өтеді. Жоғары тиімді антиретровирустық терапияны енгізе отырып, әйел пациенттеріміз жүктілікті жоспарлап, дені сау баланы өмірге әкеле алады. Жүкті әйелдерді АРВ-профилактикасымен қамту 100%-ды құрайды. АИТВ жұқтырған аналардан туған балалар бейімделген тамақтандыруға арналған сүт қоспаларымен тегін қамтамасыз етіледі. Жалпы алғанда, 1997 жылдан бері әйелдер арасында 424 босану тіркелді, 417 бала дені сау ретінде есептен шығарылды. АИТВ-позитивті мәртебесі бар 15-тен астам әйел үш және одан да көп рет жүкті болып, сау бала туды, олардың барлығы жүктілікке дейін және

жүктілік кезінде міндетті түрде үзбей АРТ қабылдады.

АИТВ инфекциясының алдын алудағы маңызды қағидалардың бірі – дұрыс ақпараттандыру. Қазіргі таңда аталмыш ауру туралы халыққа ақпарат көзі толық берілуде деп айтуға болады. Осы мақсатта қалалық АИТВ орталығы кешенді түрде әртүрлі ұжымдарда, ведомстволарда, жоғары, орта арнаулы оқу орындарында, мектептің жоғары сынып оқушылары арасында, бизнес-құрылым өкілдері, әскери және полиция қызметкерлері арасында әртүрлі форматта ақпараттық білім беру жұмысын жүргізеді. Сонымен қатар халықтың негізгі топтары арасында үкіметтік емес ұйымдар арқылы, аутич қызметкерлері арқылы іске асырады. Ол де-геніміз – алдын алу құралдары мен ақпараттық білім беру материалдарын таратып, оқыту бағдарламаларымен қамту, АИТВ-ға экспресс тестілеуден өткізу. Оған қоса, жыл сайын аудио және бейнероликтер дайындалып, арнайы медицина мекемелерінде халыққа көрсетіледі, сонымен қатар қаламыздың кинотеатрларында да ротацияланады. АИТВ-ның алдын алу бойынша әлеуметтік желілерде әртүрлі акция ұйымдастырылады. Ірі сауда және ойын-сауық орталықтарында тұрғындарға арнап АИТВ-ға экспресс тестілеуден өтті. Қазіргі таңда орталықта 110 қызметкер еңбек етеді. Ұжым жоғары кәсібилігімен, еңбекқорлығымен және жаңа технлогияларды меңгеруге уәдесіздігімен ерекшеленеді. АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы өз миссиясын жүзеге асыра отырып, әрдайым науқастардың қажеттіліктеріне басымдық береді және көрсетілетін медициналық көмектің сапасын басты назарда ұстайды.

Орталықтың алғашқы бас дәрігері (1996-2000, 2004-2009 жылдары) – Александр Сергеевич Лебедев.

2001-2004 жылдары бас дәрігер қызметін Сарсенғали Шоңайұлы Тынышбаев атқарды.

2009-2014 жылдары бұл қызметте Ерик Мазанович Мусин болды. 2014-2015 жылдары орта-

лықты Бауыржан Сатжанович Байсеркин басқарды.

2015-2023 жылдары мекемені Сабит Бекмаганбетович Абдраимов басқарды.

2023-2025 жылдары директор қызметін Канат Кыргызбаевич Аскаров атқарды.

2025 жылғы 1 қазан айынан бастап директоры – Денис Валерьевич Панченко.

30 жылдық тарихында АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы кәсібилік пен жауапкершіліктің, адам денсаулығына деген қамқорлықтың жарқын үлгісін қалыптастырды. Бұл жетістіктер – әр жылдары орталықты басқарған басшылардың көрегендігі мен ұжымның тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Әр басшы өз кезеңінде орталықтың дамуына, қызмет көрсету сапасының артуына және мамандардың кәсіби әлеуетін жетілдіруге елеулі үлес қосты.

Ұжымның басты құндылығы – адамға деген жанашырлық, жауапкершілік және кәсіби біліктілік. Әрбір қызметкердің еңбегі орталықтың жетістіктерін көрініс тауып, ортақ мақсатқа жұмсалған күш-жігердің нәтижесін көрсетеді.

Алдағы жылдары да АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы өз даму жолын жалғастырып, жаңа бастамалар мен заманауи тәсілдерді енгізу арқылы халыққа сапалы медициналық көмек көрсетудің биік деңгейін сақтай береді деген сенім мол.

Орталықтың 30 жылдық мерейтойы – өткен еңбекке құрмет білдіріп, болашаққа жаңа мақсаттармен қадам басатын ерекше белес. Осы айтулы мерекемен барша ұжымды құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасылық амандық, еңбекте табыс пен жаңа жетістіктер тілейміз. Орталығымыздың абыройы асқақтап, игі істері жалғасын таба берсін!

Біздің мекенжайымыз: І.Есенберлин көшесі, 5/1 (жұмыс уақыты – сағат 8:30-16:42), Е.Брусиловский көшесі, 4 (жұмыс уақыты – сағат 10:00-17:30). Орталықтың АИТВ-ға тексерілу үшін қан тапсыру бөлмесінің жұмыс уақыты – сағат 8:30-12:30, 14:00-16:00. Жұмыс күндері: дүйсенбі-жұма. Сенім телефоны: 57-67-20, 38-07-02. Ресми сайтымыз: www.kazaida.kz

Эльвира УТЕЛОВА, Астана қаласы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі

МУЗЕЙ ҚОРЫНА ТАПСЫРДЫ

Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовке тиесілі 100-ден астам бірегей жәдігер Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы жанындағы Әскери-тарихи музей қорын толықтырды.

Музейге тапсырылған құнды экспонаттар қатарында мемлекеттік наградалар, жеке құжаттар, әскери киімдер, сыйлыққа берілген қарулар, сондай-ақ аты аңызға айналған қолбасшының өмір жолы мен әскери қызметін айғақтайтын өзге де тарихи құндылықтар бар.

Сағадат Нұрмағамбетовтің өмірі мен қызметіне қатысты бағалы жәдігерлерді музейге батырдың қызы Айсұлу Нұрмағамбетова мен немересі Сауық Нұрмағамбетов табыстады. Салтанатты рәсімге Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов, Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамы, әскери қызметшілер, Қарулы күштердің ардагерлері, сондай-ақ даңқты қолбасшының туған-туыстары мен жақындары қатысты.

Айсұлу Нұрмағамбетова бұл шешімді ұлымен бірге қабылдағанын айтты. Оның айтуынша, отбасы үшін аса қымбат дүниелермен қоштасу оңай болмағанымен, оларды халық игілігіне айналдыруды жөн санаған.

– Ұлым екеуміз әкеміздің наградалары мен жеке заттары дәл осы музейден лайықты орын алуы тиіс деп шештік. Бұл жәдігерлер жастардың сол дәуірдің рухын тереңірек түсінуіне, Сағадат Қожахметұлының еліне және халқына шексіз адал болған



тұлға екенін тануына ықпал етеді деп сенеміз. Біздің отбасы үшін бұл жәдігерлер – тек әкеміздің ғана емес, соғыс майданында ерлік көрсеткен, тылда аянбай еңбек еткен барлық ардагерлер мен аға буынға деген құрметтің белгісі, – деді Айсұлу Сағадатқызы.

Әскери-тарихи музейде бұған дейін де Сағадат Нұрмағамбетовке арналған жеке экспозиция жұмыс істеп келді. Енді ол 100-ден астам

жаңа бірегей жәдігермен толықты. Олардың қатарында мемлекеттік наградалардың түпнұсқасы, әскери киім үлгілері, жеке құжаттар бар. Экспозициядағы ең құнды жәдігердің бірі – жоғары мемлекеттік награда-ның бірі саналатын «Отан» ордені. Сонымен қатар музей қорына Сағадат Қожахметұлына әр жылдары сыйға тартылған атаулы және сыйлық қарулар да тапсырылды.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛИДЫ

Астанада Креативті индустрияларды дамыту қорының бастамасымен балалар мен жастар арасында қазақтың қолөнер дәстүрін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуге бағытталған «Ұлттық қолөнер мектебі» білім беру жобасы басталды.



Бағдарламаға қатысатын 208 оқушы белгілі қолөнер шеберлерінен тегін сабақ алады. Жоба Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асып, ұлттық мәдени мұраны сақтауды және креативті индустрияларды дамытуды мақсат етеді.

Іріктеу кезеңіне қатысушылар еліміздің түкпір-түкпірінен қызығушылық танытты. Тәлімгер болуға Қазақстанның барлық өңірінен 331 қолөнер шебері өтінім берді. Республикалық байқау қорытындысында олардың арасынан үздік 10 шебер таңдап алынды. Ал білім беру бағдарламасына қатысуға 450-ден астам

өтінім түсіп, оның 208-і іріктелді.

27 шілде мен 12 тамыз аралығында оқушылар ұлттық қолөнердің он бағыты бойынша білім алады. Олар-

дың қатарында зергерлік өнер, киіз басу, керамика, сүйек ою, кілем тоқу, тері мен ағаш өңдеу және сирек кездесетін қолөнер түрлері бар.



Сабақтар тәжірибелік шеберлік сағаттары форматында өтеді. Қатысушылар дәстүрлі бұйымдарды жасауды меңгеріп қана қоймай, тәжірибелі шеберлердің жетекшілігімен туынды әзірлейді. Оқу барысында қажетті барлық материал мен құрал-жабдықты ұйымдастырушылар тегін ұсынады.

Жоба қатысушылардың шығармашылық қабілетін шыңдап, болашақ мамандығын таңдауға бағыт-бағдар береді. Әрі сол арқылы қолөнерді креативті индустриямен ұштастыруға және тың авторлық жобалардың жүзеге асуына негіз болады.

ЕСКЕК ЕСУДЕН ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Академиялық ескек есуден 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдегері Артём Матусевичті Астана халықаралық әуежайында отбасы, туған-туыстары, достары, жанкүйерлері, әріптес спортшылар, жаттықтырушылары мен спорт саласының өкілдері салтанатты түрде қарсы алды.

Германияның Дуйсбург қаласында өткен әлем чемпионатында Артём Матусевич Қазақстан тарихындағы академиялық ескек есуден әлем чемпионатының жүлдесін жеңіп алған тұңғыш спортшы атанды. Бұл – отандық ескек есу спорты үшін тарихи жетістік.

– Бұл медаль – менің ғана емес, бүкіл Қазақстанның жеңісі. Әлем чемпионатында еліміздің туын көтеріп, тарихи нәтиже көрсету – мен үшін зор мәртебе. Осындай жетістікке жету үшін ұзақ жылдар бойы күн сайын тынымсыз еңбек еттік. Әр жаттығудың, әр жарыстың өзіндік қиындығы болды. Бірақ мен әрдайым Қазақстанның атын халықаралық аренада танытуды мақсат еттім. Міне, енді сол еңбектің нәтижесін көріп тұрғанымға өте қуаныштымын, – деді елге оралған сәтте Артём Матусевич.

Спортшы бұл жетістікке жету жолында өзіне қолдау білдірген жандарға алғысын айтып, алдағы мақсаттарымен де бөлісті.

– Ең алдымен жаттықтырушыларыма, командама, отбасыма және әрдайым қолдау көрсеткен жанкүйерлерге шын жүректен алғыс айтамын. Осындай сенімнің арқасында үлкен нәтижеге қол жеткіздім. Бұл жүлде Қазақстандағы академиялық ескек есу спортының



дамуына жаңа серпін береді деп сенемін. Алда бұдан да ірі жарыстар бар. Сондықтан тоқтап қалмай, елімізге тағы да жоғары дәрежедегі медальдар сыйлау үшін бар күшімді саламын, – деді ол.

Айта кетейік, Германияның Дуйсбург қаласында өткен U23 санатындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы сапында 5 спортшы бақ сынады. Солардың ішінде Артём Матусевич қола жүлдеге ие болып, академиялық ескек есу тарихындағы ел қоржынына түскен алғашқы әлем чемпионатының медалін сыйлады.

БІЛІКТІЛІК АРТАДЫ

Астанада Alem Pro Camp көркем гимнастикадан ауқымды оқу-жаттығу жиыны басталды. Ол 27 шілде мен 1 тамыз аралығында өтеді.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Елдің түпкір-түкпірінен жиналған 70-тен астам гимнаст Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушыларының, ұлттық құрама жаттықтырушыларының, халықаралық спорт шеберлерінің, Олимпиада ойындарына қатысушылардың және жетекші ұлттық мамандардың басшылығымен шеберлікті шыңдауға бағытталған жаттығулар өткізеді. Басты мақсат – гимнасшыларымыздың біліктілігін арттырып, жүлделі орындардан көрінетін жеңімпаздар дайындап, болашақта шеберлігі артқан мамандар қатарын көбейту.

– Бізде жыл сайын дәстүрлі түрде оқу-жаттығу кезеңі ұйымдастырылып тұрады. Арнайы Беларусьтен халықаралық деңгейдегі білікті маман Екатерина Галкина келді. Ол шеберлігімен бөлісіп, жас гимнасшыларымыздың дағдысын шыңдайды. Бұған арнайы 6 облыс, 8 қаладан гимнасшылар қатысып отыр. Оқу-жаттығу 6 күнге созылады. Тағы да басқа олимпиада шыңдарында жемісті нәтиже көрсетіп жүрген шеберлер, білгір мамандар да өздерінің білген-түйген әдіс-тәсілін үйретпек. Сондықтан аталған іс-шараның маңызы жоғары, – деді Халықаралық көркем гимнастика академиясының басшысы Әсем Бақытжанқызы.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 88

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉️ Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ